

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА  
АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
ДАМУ ЖОСПАРЫ**









## Мазмұны

Кіріспе	5
ЖОО-ның ағымдағы жағдайын талдау	6
ЖОО-ның миссиясы мен болашағы	9
ЖОО қызметінің стратегиялық бағыттары	9
Мақсаттары мен міндеттері	10
Мақсатқа жету жолдары мен әдістері	13
Қорытынды	19

## Кіріспе

Жоғары білім берудің сапасын арттыру Қазақстанның экономикасын реформалаудың маңызды бөлімі болып табылады.

Қазіргі жағдайда экономиканың даму деңгейі, оның бәсекелестік артықшылықтары адам капиталының қорлануымен іске асыруымен анықталады. Экономикалық өсудің басым қайнар көзі адам инвестициясына, оның білім деңгейіне, біліктілігіне, денсаулығына байланысты болады.

Әлемнің жетекші елдері мақсатты және белсенді жаңа инновациялық қоғам – көбінесе білімді тарату мен пайдалануға негізделген экономикасы интеллектуалды қоғам құруда. Сондықтан оның басты молшылығының қайнар көзі табиғи ресурстар емес, таланттар, адамдардың шығармашылық жетістіктері, бірегей дағдылары мен қабілеттері, олардың үнемі өзгеріп тұратын қызмет жағдайларына бейімдей білу болып табылады.

Жоғарғы мектептің реформасының басты бағытын анықтаған салмақты саяси шешімнің бірі болып Қазақстанның Болон процесіне қосуы болып табылады. Қазақстан- Еуропалық білім беру кеңістігінің толыққанды мүшесі болып танылған орталық Азиялық бірінші мемлекет, ол өсу үстіндегі бәсекелестік еңбек нарығына жауап беретін, халықаралық стандарттарға бағытталған, жоғары білім берудің даму векторын жасайтын отандық ЖОО-лары үшін шынайы басымдықтар береді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамаларын іске асыра отырып, аймақ үшін білім беру, бизнес, ауылшаруашылығы және басқа салаларға мамандар дайындау тәжірибесіне ие Шымкент университеті, жұмыс берушілердің терең логикалық ойлау қабілетіне ие, озық идеяларды генерациялауға, жаңа буын техникасы мен технологиясын ойлап шығаруға, жаһандану жағдайында әлемдік нарықтық өзгергіштік шарттарына бейімдеуге қабілетті, мамандарға деген талаптарын қанағаттандыруға ұмтылады.

Шымкент университетінің қалыптасуы мен дамуы, университеттік білім берудің классикалық концепциясына және оқу, тәрбие және ғылыми процесстердің интеллектуалды бірлігіне негізделеді. Осы идеалдың жолын ұстаушылық жоғары білікті педагогикалық қызметкерлер құрамының арқасында жаңа білім беру бағдарламалары мен инновациялық жобалардың қалыптасқан ғылыми мектептермен үйлесе отырып, академиялық ортада университеттің жоғары абыройын сақтауға мүмкіндік береді.

Бүгінде Шымкент университеті дамыған білім беру және зерттеушілік инфрақұрылыммен, жоғары технология саласында күрделі міндеттерді шешуге, ғылым мен техниканың жаңа бағыттарын дамытуға қабілетті көпсалалы ірі ЖОО ретінде тек қана республикада ғана емес, шет елдерде де танымал.

Университеттің қызметі ҚР «Білім беру туралы» Заңы, ҚР 2011-2020 жылдарда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы « жоғары кәсібі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім беру қызметін ұйымдастырудың типтік ережелері», «Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым Министрлігінің стратегиялық жоспарына» сәйкес жүзеге асырылады.

Шымкент Университетінің 2016-2020 жылдарда даму стратегиясы академиялық орта жасауға бағытталған инновациялық типтегі ЖОО қалыптастыру перспективасына бағытталған, еңбек нарығы талаптарының барлығына жауап беретін профилі құзіреттілігі мен біліктілігі бәсекелес бола алатын, мамандардың жаңа буынын дайындаудың іске асыратын концептуалды құжат болып табылады.

### **1.ЖОО-ның ағымдағы жағдайын талдау**

Шымкент университеті жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру бойынша құқық, бизнес, жаратылыстану, гуманитарлық және ауылшаруашылық мамандықтарынан дайындықты жүзеге асыратын ірі бір ЖОО ретінде айқындалады.

Университеттің жетістіктері құрамында 11 ғылым докторы және 80 ғылым кандидаты және 6 ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері мен ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысын қамтитын, елімізде танымал ғалымдары бар жоғары білімді ғылыми, педагогикалық ұжыммен тікелей анықталады. Профессор- оқытушылар құрамының 62,9%-ның ғылыми дәрежелері бар.

Үш факультетте 24 бакалавриат және 6 магистратура мамандықтары бойынша мамандар даярлау іске асырылады.

Өнер, мәдениет және спорт мамандықтары бойынша педагогикалық қызметі ҚР қызмет көрсеткен мәдениет қайраткерлері, халықаралық конкурстар мен фестивальдарының лауреаттары, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушылары педагогикалық қызметті жүзеге асырады.

Лекциялар оқу үшін шеберлік- сағаттары мен кеңестер өткізу үшін жыл сайын визит- профессор (vip) шартымен алыс және жақын шетелдерден ғалымдар шақырылады, мысалы 2012-2014 жылдар кезеңінде – Германиядан, Түркиядан, Ресейден және Өзбекстаннан- 4 оқытушы.

Шымкент университетінде оқитын шетелдік студенттер саны көбеюде.

Жоғары білікті мамандар дайындау күшті материалдық- техникалық базамен қамтамасыз етілген. Университеттің оқу процесіне арналған жалпы ауданы 13422 м<sup>2</sup> құрайды. Оқу процесі 2 оқу корпусында іске асырылады, соның ішінде 12 оқу зертханасында 8 компьютер сыныптарында activBoard интерактивті интерактивті тақталарымен жабдықталған 14 мультимедиялық сыныптарда және 2 лингафонды кабинеттерде, 2 спорт кешені, 1 жатақхана қызмет көрсетеді. Дәрісханалар заманауи жабдықтар мен инвентарлармен жабдықталған, білім беру бағдарламалары талаптарына лайық, санитарлық-эпидемиологиялық нормалармен басқа да нормативтік құжаттар талаптарына сай.

Инновациялық кешен ретіндегі университеттің тиімді жұмыс істеуінің маңызды элементі басқару құрымын қайта құру болып табылады, ол қызметтің жеделдігі мен ашықтығын, ОПҚ жұмысы нәтижелерін бағалаудың

объективтігін, қызметкерлер құрамының жауапкерлігі мен өкілеттілігін, педагогикалық еңбектің жоғары мәдениетке жетуін қамтамасыз етеді. Университеттің академиялық қызмет функциясы, өкілеттігі және жауапкершілігі тәртіптелген ( тіркеу офисінің, бағдарламалар әкімшіліктерінің тьюторлардың, эдвайзерлердің және т.б.).

Білім беру қызметінің бәкеге қабілеттілігі мен мамандар мүмкіндігін нығайтуды қамтамасыз ету үшін университет басшылығы ғылыми-педагогикалық мамандардың дайындық сапасын көтеру білімді және оқытудың заманауи инновациялық әдістерді меңгеру саясатын ұстанады.

Университетте оқу процесі қызметінің жоғары көрсеткіштеріне жету үшін академиялық әділдік пен этика принциптері, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігі, академиялық дәрежелердің ашықтығы мен сенімділігі, Болон принциптеріне сәйкес оқыту әдістері мен бақылау принциптері мақұлданады.

Университетте оқу процесін мониторинг жасаудың оң тәжірибиелері жинақталған, студенттермен, оқытушылармен, жұмыс берушілермен ұдайы әлеуметтанушылық сауалнамалар жүргізіледі. «Оқытушы студенттің көзімен» сауалнамасы оң бағасын алды. Енді, осы зерттеулер нәтижесінде білім алушы өзіне оқытушы таңдай алады, педагогтарда да өз имиджін көтеруге мүмкіндіктері бар.

Студенттер мен оқытушыларға академиялық ұтқырлық үшін жағдайлар жасау, кредиттік технология бойынша оқыту мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану, университетте қабылданған оқыту жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау және оқу процесін ұйымдастырудың негізгі артықшылықтары болып табылады;

Оқу процесін ұйымдастыру процесінің ең жақсы механизмдері мен процедураларын жетілдіру, белсенді және интербелсенді әдістерді (іскерлік ойындар, оқытудың нақты ситуациялары логикалық ойлау әдістері, миға шабуыл және басқалары) пайдалану арқылы оқытудың инновациялық әдістерін енгізу;

Дағдылар мен шеберліктерді тәжірибеде көрсету арқылы оқыту, өндірістік жағдайларды модельдеу, виртуалды зертханалық жұмыстарды, заманауи компьютерлік бағдарламаларды және мультимедиялық құралдарды жасау;

Мамандандыруға бағытталған, жеке оқыту траекториясын құрастыру.

Жұмыс берушілер мен бітірушілердің байланысы нығайды, университет бітірушілердің Ассоциациясы құрылды, еңбек нарығы сұраныстарын есепке алу, білім беру процесіне түзету енгізу, университет бағдарламалары мен жобаларын бірлесіп іске асыру мүмкіндігін беретін интернет байланысы жолға қойылған.

Заманауи IT- технологиялар мен электронды білім беру қорларын қолдану университеттің ақпараттық және телекоммуникациялық мүмкіндіктерін және білім алушылардың әлемдік ақпараттық қорларға шығуын кеңейтудің стратегиялық міндеттерін шешуге себепші болады.



Университетте ЖОО-ның басқару процесін қамтитын, ақпарат алмасатын, есеп беруді генерациялайтын ақпараттық- білім беру жүйесі қызмет жасайды.

Шымкент университетінде «Аймақтың экономикалық мәселелері»ҒЗИ, «Жаратылыстануғылымдарының іргелі және қолданбалы мәселелері» ҒЗИ және «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді. Университетте зерттеулер жүргізуге, аймақ пен республикада ғылыми потенциалды дамытуға, ғылыми жұмыстың нәтижелелігін көтеруге жас ғалымдарды тарту үшін жас ғалымдар кеңесі жұмыс істейді. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысуы аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейдегі әртүрлі ғылыми конкурстарда оларға жетекші орындар алу мүмкіндіктерін берді.

Университет қызметінің болашақта стратегиялық бағытының қызметі ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі мен сапасын көтеру, инновацияларды енгізу, «Ғылым арқылы білім беру» принципіне бағдарлану болып табылады.

Университетте студенттердің өзін- өзі басқару ұйымы жұмыс істейді, жастардың бастамаларына әр жақтама қолдаулар жасалады.

Жетекшілердің жұмысы жетілдірілуде, «студенттердің өзін-өзі басқару күндері» өткізіледі.Ғылыми кеңестің, ректораттың, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Кеңестің мүшелері бола отырып, студенттер өз азаматтық кемелдігін көрсетіп, университет жұмыстарында белсенді қатысады.

Университет студенттері жастар бірлестіктерінің мүшелері бола отырып, Қазақстанның мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға қатысады. Патриоттық , интернационалдық және студент – жастардың мәдени – эстетикалық тәрбиесін жақсарту, құқық бұзушылықтық алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау үшін бір қатар маңызды қадамдар жасалды. Бұл салада ректоратқа студент белсенділері қызу көмек көрсетеді, жастар ісі бойынша комитет «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанатының белсендерілері, студенттік Қазақстан Альянсы, ауыл жастар Одағы.

Университетте жыл сайын идеологиялық және тәрбиелік жұмыстар бойынша іс – шаралар өткізіледі, тәрбиенің негізгі бағыты болып студенттердің салауатты өмір салтының принциптері мен дағдыларын меңгеру болып табылады.

Жастардың әлеуметтік құқықтары мен мемлекеттік кепілдігін іске асыру бойынша стратегиялық мақсатқа жету үшін студенттер өмірінің әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша, сонымен қатар әр түрлі қорлармен, кәсіпкерлік ассоциациялармен және қоғамдық ұйымдармен өз ара қарым – қатынаста студенттердің әлеуметтік қорғалуын және қолдауды қамтамасыз ететін бағдарлама іске асырылуда. Жатаханаларда толыққанды өмір сүру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған: компьютер кластары жұмыс істейді, заманауи аудио – видео техникамен жабдықталған кітапхана

филиалдары, демалыс бөлмелері, студенттерді әлеуметтік қорғау іске асырылған.

Демократиялық ұстанымдарды іске асыруға университетте өзара сенім жағдайын жасаумен, ОПК мен білім алушылар арасындағы сыйластық арқылы қол жеткізеді. Тәрбие процесін ұйымдастыруға инновациялық жандасу өз мемлекетінің азаматы болып табылатын студенттерде патриоттық қасиет, мемлекет тағдыры үшін жауапкершілік қалыптасуына мүмкіндік береді. Бұл, негізін Қазақстандық студент жастар құрайтын университетте интеллектуалды ұлт тәрбиесіне бағытталған тәрбие жұмысын әрі қарай жетілдіруді талап етеді.

## **2. Университеттің миссиясы мен болашағы**

Еңбек нарығында Қазақстанның оңтүстік аймағы үшін білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжанды тәрбиеленген мамандар даярлау мақсатында, білім беру қызметінің сапасын үздіксіз арттыру!

### **Университеттің болашағы**

Шымкент университеті- тұрақты инновациялық дамуға қабілетті, ақпараттық және коммуникациялық технологияның негізінде кеңінен пайдаланылатын ғылыми-білім беру кешенді көп профилді көпдеңгейлі университет.

Университеттің білім беру қызметі жоғары білікті мамандар дайындауды қамтамасыз ететін ғылыми- зерттеу және тәжірибелік-енгізушілікті қалыптастыруға бағытталады. Ол үшін оқу процесінің базасы болып табылатын қалыптасқан ғылыми- зерттеу институттарының, зертханалардың, интеграцияланған оқу- ғылыми құрылымдардың потенциалдары пайдаланылады. Шымкент университеті мамандарды инновациялық техногология мүмкіндігімен дайындау сапасын, қоғамның экономикалық, адамгершілік, мәдени құндылықтарының дамуын үйлестіре отырып, экономиканың әр түрлі салалары мен әлеуметтік орта үшін мамандар даярлаудың жетекші позициясын қамтамасыз етеді. Бұл нәтижесі экономика мен қоғамда сұранысқа ие болатын, фундаментальды университеттік білімі бар, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауда университетке өз артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік береді.

## **3. ЖОО қызметінің стратегиялық бағыттары**

Шымкент университетінің миссиясын іске асыру тәртібіне келесі стратегиялық мақсаттар қойылған:

- Университетті ең жаңа авторлық білім беру бағдарламаларын енгізуші ірі оқу- ғылыми- инновациялық орталық ретінде дамыту;

- Еліміздің модернизацияланып жатқан экономикасы қажеттілігіне сәйкес болашақ мамандардың кәсіби, тұлғалық, әлеуметтік, жалпымәдениеттілік интеллектуалдық және коммуникативтік күзiреттіліктерiн қалыптастыру және дамыту;
- Экономикалық кеңістікте Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін білім беру мен ғылыми зерттеу жүйесін инновациялық технология базасында модернизациялау арқылы көтеру;
- Әр білім алушыға оқытудың мазмұнын, формасын және әдістерін таңдауда барынша мүмкіндік беру жолымен білім берудің еуропалық стандарттарычн енгізу;
- Жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру сапасының деңгейін көтеру;
- Ғылымның ,жоғары технологиялардың басым бағыттарына және экономикадағы инновациялық секторға бағдарлану;
- Университеттің ғылыми және шығармашылық потенциалын дамыту;
- Бәсекеге қабілетті үйлесімді дамыған тұлғалық маманды тәрбиелеу;
- Университеттің басқару және қаржыландыру тиімділігін арттыру.

#### **4. Мақсаты мен міндеттері**

Мақсаты: университетті ең жаңа авторлық (ЖОО-да жасалған) білім беру бағдарламаларын енгізуші ірі оқу- ғылым инновациялық орталық ретінде дамыту.

Ол үшін қажет:

- Қазақстанішілік нарықта педагогикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беруде бәсекеге қабілеттілікті арттыру және халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялау;
- Университетті ғылым, білім беру, мәдениет, ауыл шаруашылығы үшін мамандар даярлайтын жетекші аймақтық- ғылыми және білім беру орталығы ретінде дамуды қамтамасыз ету;
- Университетте оқытушыларға өз кәсіби міндеттерін орындау үшін және олардың тиімді қызметіне барынша көп дәрежеде жәрдем беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін еңбекке қолайлы жағдай жасау;
- ЖОО қызметінің экономикалық және әлеуметтік тиімділік принциптерінде динамикалық даму мен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған университеттің басқару жүйесін модернизациялау;
- Қазақстандық ғылым мен білім берудің халықаралық мойындауды қамтамасыз етуге көзделген халықаралық және шетелдік ғылыми ұйымдармен және университеттермен кеңінен өзара тиімді әріптестікті жлға қою;

- Бағдарламаны іске асыру университеттің даму артықшылықтарын есепке ала отырып қызметтің негізгі бағыттары бойынша бірқатар міндеттердің орындалуын талап етеді.

**Міндеттері:**

***Білім беру қызметі саласында:***

- Заманауи білім беру жүйесін түбегейлі жетілдіру, білім беруді, ғылым мен өндірісті интеграциялау негізінде мамандар дайындаудың көпдеңгейлі жүйесін дамыту;

- Білім беру мен мәдениет, ауыл шаруашылығы, экономика және бизнес саласында оңтүстік аймақ пен республиканың жоғары білікті мамандарға қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында оқу процесінің сапасын жақсарту;

- Құзіретті жандасу және фундаменталды дайындықты нығайту, негізінде, оқу процесі мен ғылыми зерттеулерді үйлестіру негізінде білім беру мазмұнын жаңғырту және жетілдіру;

- Қашықтықтан оқуды пайдалану негізінде, еңбек нарығының заманауи талаптарын ескере отырып, қосымша білім алу мүмкіндіктерін беру;

- Халықаралық айырбастауды кеңейту есебінен Болон процесінің аясында, оқушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы үшін жағдайлар жасау;

- Оқу процесіне оқытудың инновациялық әдістерін енгізу, білім алушылардың өздік жұмысының ролін күшейту және оқытудың барлық кезеңдерінде студенттердің білімін бақылауды жетілдіру;

- Студенттер мен магистранттарды тиімді қабылдауды қамтамасыз ететін, кәсіптік бағдар жұмысының түрлері мен әдістерін жетілдіру;

- Мемлекеттік- жеке меншік әріптестік принциптерімен қаржыландыру үшін бизнесті өзіне тарту, талантты жастарды оқыту және ғылыми зерттеулер өткізу мен визит- профессор (VIP) шартымен оқыту мақсатында шетелдік ғалымдарды шақырту.

***Ғылыми- инновациялық салада:***

- Университеттің ғылыми- педагогикалық қызметкерлерінің жаңа инновациялық жобалар жасауға қатысуын қамтамасыз ету;

- Ғылыми- педагогикалық құрамның жас ерекшеліктері мен біліктілік ерекшеліктерін және сипаттамасын есепке алып, кадрлар даярлаудың тоталды инновациялық бағытталуына және мамандар саясатын жетілдіру үшін жағдайлар жасау;

- Фундаменталды және қолданбалы мәселелер саласында халықаралық ғылыми- зерттеу ұжымдарын құру және бірлескен зерттеулерді іске асыру үшін шетелдік ұйымдармен, жақын және алыс шетелдердің жетекші ЖОО- лары мен ҒЗИ- мен әріптестік байланыстарды кеңейту;

- Университеттің динамикалық дамуы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған, университеттің қызметін

инновациялық басқарудың оптималды жүйесін жасау, ғылыми зерттеулер мен зерттемелерді коммерциализациялау;

- Фундаменталды және қолданбалы зерттеулердің басым дамуын қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулердің аймақтық және халықаралық нарық талаптарына бағытталуы;

- Қазақстандық және шетелдік қорларды өзіне жұмылдыру негізінде ғылымның дамуы үшін жағдайлар жасау;

- Ғылым мен жоғары технология саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту, ғылым мен өндірістің өзара әрекеттесуінің жаңа формалар іздеу;

- Ғылыми- зерттеулердің жаңа артықшылықты бағыттарын қалыптастыруға қатысуы үшін шетелдік ғалымдарды шақыру, қаржыландыру үшін бизнесті өзіне тарту.

### ***Жастар саясаты саласында:***

- Өз елінің патриоттары болып табылатын интеллектуалды элитаны тәрбиелеу және тұлғаларды қалыптастыру үшін шетелдік білім беру мекемелерінің жетістіктері мен алдыңғы қатарлы ғылыми- әдістемелік тәжірибесін енгізу;

- Студенттердің әлемдік ақпараттық және білім беру қорларына кіру құқығын кеңінен қамтамасыз ету;

- Студенттердің әртүрлі дәрежедегі ғылыми іс- шараларға белсенді қатысуын ұйымдастыру, соының ішінде басқа жаққа баратын (олимпиадалар, конкурстар, конференциялар және с.с.);

- Жоғары адамгершілікті, жан жақты дамыған тұлғаны креативті ойлау қабілетіне және көшбасшылық қасиетке ие, бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру;

- Тұлғаның рухани негізін, гуманизм идеяларын, қазақстандық патриотизм рухындағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімді дамыту;

- Студенттерге қоғамда өркениетті мінез- құлық принциптерін, салауатты өмір салты дағдыларын дарыту, дене шынықтыру мен спортпен ұдайы шұғылданудың қажеттілігіне сенімділікті тәрбиелеу;

- Ұлттық- мәдени құндылықтарды, жас буынның адамгершілігін нығайту бойынша « Интеллектуалды ұлт 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде міндеттерді іске асыру;

- Қазақстанда азаматтық демократиялық қоғам құру негізі ретінде университетте студенттік кеңес және факультеттерде студенттік кәсіподақ комитетінің қызметі көмегі арқылы студенттік өзін- өзі басқару жүйесін дамыту;

- Жатақханада өмір сүрудің әлеуметтік- тұрмыстық жағдайын және студенттердің тамақтану жағдайын жақсарту, студенттердің әлеуметтік қорғалуы мен қолдауды қамтамасыз ету;

- Студенттік ортада саяси, діни және ұлттық экстремизмді таратуға қарсы әрекет жасау.

### ***Материалдық- техникалық базаны дамыту саласында:***

- Оқу – зертханалық практикумдарды өткізудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, фундаменталды және қолданбалы ғылыми зерттеулерді іске асыру үшін, қаржыландыру мен материалдық – техникалық жабдықтаудың қолайлы жағдайларын жасау;
- Ғылымның даму артықшылықтарына сәйкес, заманауи жабдықпен қамтамасыз етілген, жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған заманауи эксперимент базасын дамыту, ғылыми зертханалар құру;
- Университеттің корпоративті жемісінің инфрақұрылымын дамыту (байланыс каналдарының өткізгіштік қабілеті мен сенімділігін, желі серверлерінің саны мен қуатын ұлғайту) ;
- Бизнес – құрылымдарды заманауи зертханалық жабдықтар мен приборлармен материалдық техникалық құралдандыруды дамыту бойынша қаржылық қолдануды қамтамасыз ету;
- ҚР 2011 – 2020 жылдарға арналған білім берудің дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жаңа құрылымдық бөлімшелер ашуға белсенді қатысу.

## **6. Мақсатқа жетудің жолдары мен тәсілдері**

### **Университетті басқару жүйесін жетілдіру.**

#### **Әрекет стратегиясы**

- Шымкент университетінің инновациялық университет ретінде қалыптасу шеңберінде ЖОО –ның негізгі артықшылықтарының дамуын іске асыру бойынша университеттің құрылымдық бөлімдерінің дамуының стратегиялық және ағымдағы жоспарларын жасау;
- Болон процесіне сәйкес білім беру процесін басқарудың тиімді жүйесін жасау;
- Университеттің барлық бөлімшелерінің қызметінің тиімділік механизмін жетілдіру.

### **Университет қызметкерлерінің мамандар потенциалын және біліктілікті жоғарлату жүйесін дамыту**

#### **Әрекет стратегиясы**

- Барлық құрылымдық бөлімшелердің сабақтастығы;
- Аккредитацияланған шетелдік аналогтармен білім беру бағдарламаларын үйлестіру арқылы халықаралық стандарттарға сәйкес бакалаврлар мен магистрлерді даярлауды іске асыру;
- Профессор – оқытушылар құрамын іріктеу конкурсы жүйесін жақсарту;
- ПОҚ – ң академиялық ұтқырлығын көтеру үшін жағдайлар жасау, шетел тілдерін меңгеруге көмек көрсету, ПОҚ – ң халықаралық және

республикалық гранттарды ұтып алу конкурстарына қатысу үшін консультациялық көмек.

## **Бәсекеге қабілетті мамандарды даялауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламалары мен технологияларын жетілдіру**

### **Әрекет стратегиясы**

- Мамандықтар шеңберін кеңейту және бакалаврлар мен магистрлерді даярлау бойынша білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту;
- Білім беру бағдарламаларының жаңаларын жасау және әрекеттегілерін жетілдіру, оларды халықаралық стандарттар талаптарына бейімдеу;
- Басым ғылыми бағыттар бойынша инновациялық жобалар мен технологиялар жасау;
- ҒЗЖ жобалары конкурстарына бірлесіп қатысу нәтижелігін көтеру үшін жетекші және отандық және шетелдік ғылыми ұйымдармен байланыстарды дамыту;
- Ғылыми зерттеулер нәтижелерінің тиімділігін, олардың жетекші отандық және шетелдік басылымдарда жариялануы мен дәйексөздігін көтеру;
- Жастарды ғылыми – зерттеулер жұмыстарына белсенді қатыстыру жолымен студенттік ғылымды дамыту.

## **Тәрбие қызметін модернизациялау және жүйелі түрде жетілдіру**

### **Әрекет стратегиясы**

- Университеттің материалдық – техникалық базасының дамуын стратегиялық жоспарлау;
- Шаруашылық қызметінің қаржылық тұрақтылығы мен рентабельдігінің коэффициентін көтеру;
- Заманауи зертханалық қондырғылар, оқу стенттерін, өлшегіш кешендерді және аналитикалық бақылау приборларын алу жолымен зертханалық жабдықтау паркін жаңалау.

**Стратегиялық бағыт: Жоғары және ЖОО – дан кейінгі білім беру сапасының деңгейін көтеру**

№	Мақсаттық индикаторлар	Өлшем бірлігі	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
1	Ұсынылған білім беру қызметінің сапасымен білім алушылардың қанағаттану дәрежесі	%	91%	94%	96%	97%	98%
2	Бір академиялық кезең барысында шетелдік ЖОО – да білім алудан өткен студенттер саны	Саны	5	10	15	20	25
3	Бір академиялық кезең барысында кредитті міндетті түрде қайта есептеумен шетелдік ЖОО – да білім алудан өткен магистранттар саны	%	-	7%	9%	12%	15%
4	Шетелдік ұйымдарда (ЖОО – ры, ғылыми - зерттеу ұйымдары) сынақ мерзімін өткізген ПОҚ – ң саны	%	5%	7%	10%	12%	15%
5	Шетелдік әріптес ЖОО – ға лекция оқуға барып кеген ПОҚ саны	Саны	5	7	8	8	9
6	Университетте тұрақты негізде оқып жүрген шетелдік студенттер саны	Саны	4	7	8	10	15
7	Университетте бір академиялық кезең барысында білім алудан өткен шетелдік студенттер саны	Саны	4	6	8	10	12
8	Университетте бір академиялық кезең барысында сабақтар жүргізген шетелдік ПОҚ саны	Саны	2	3	3	4	5
9	Шетелдік ЖОО – серіктестерімен қосдипломды білім беру бағдарламаларының саны	Саны	-	1	2	2	3
10	Тәуелсіз ұлттық арнайы аккредитациялаудан өткен білім беру бағдарламалар саны	Саны	-	3	4	5	7

**Стратегиялық бағыт: Университеттің ғылыми және шығармашылық потенциялының дамуы**

№	Мақсаттық индикаторлар	Өлшем бірлігі	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
1	Шетелдік агенттіктердің мәліметтер базасына енген, халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми жариялымдардың саны	Саны	14	20	30	60	65
2	Республикалық ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми жарияланымдардың саны	Саны	180	220	280	300	320
3	Халықаралық конкурстар шеңберінде орындалатын жобалар саны	Саны	1	1	2	2	3
4	Республикалық конкурстар шеңберінде	Саны	1	1	2	2	3



	орындалатын жобалар саны						
5	Қолданбалы бағдарламаларды орындауға қатысып жүрген ПОҚ – ң, оның жалпы санынан үлесі	%	12%	14%	16%	16%	17%
6	Соңғы бес жыл ішінде импакт – факторлы журналдарда жариялымы бар ПОҚ үлесі	%	2,3%	2,5%	2,5%	3,7%	5,0%
7	Ғылыми жобаларға қатысып жүрген студенттер мен магистранттардың олардың жалпы санынан үлесі	%	40%	45%	45%	50%	55%

**Стратегиялық бағыт: Университеттің ғылыми және шығармашылық потенциалының дамуы**

№	Мақсаттық индикаторлар	Өлшем бірлігі	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
8	Патенттер, авторлық куәліктердің саны	саны	2	3	5	5	7
9	Нәтижелерін өндіріске, оқу процесіне енгізген ғылыми зерттеулердің жобалардың жалпы санынан үлесі	%	10%	15%	20%	20%	25%
10	Шетелдік ғалымдардың қатысуымен өткізілген халықаралық конференциялардық, кеңестердің және т.б. саны	саны	-	2	3	3	4
11	Халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық институтционалдық аккредитациялардың өткізілуі	жыл	+	+	+	+	+
12	Кейінде жұмысқа орналасу мүмкіндігімен тәжірибе базасымен қамтамасыз ететін жұмыс берушілермен келісім – шарт жасасқан мамандықтар үлесі	%	70%	74%	75%	78%	80%
13	Біліктілігін жоғарылатудан өткен ПОҚ үлесі	Жылдық %	20%	20%	20%	20%	20%

**Стратегиялық бағыт: маманның бәсекеге қабілетті үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру**

№	Мақсаттық индикаторлар	Өлшем бірлігі	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
1	Көмекке мұқтаж студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету	%	90%	90%	95%	100%	100%
2	Әлеуметтік аз қорғалған студенттерге көмек көрсету	Мың теңге	5,000	5,500	6,000	7,000	8,000
3	Жұмыстарын жетілдіру мақсатында шығармашылық ұйымдарды қаржыландыру	Мың теңге	12,000	15,000	18,000	25,000	27,000
4	Жастар ұйымдарының саны	Бірлік	2	2	2	2	3
5	Оқытушылар мен студенттердің шығармашылық одағын құру және	Бірлік	1	2	2	3	4

	олардың халықаралық көрсетулерге қатысуы						
6	«Менің Қазақстаным» мемлекеттік рәміздерді көпшілікке таратуға бағытталған республикалық жастар форумына қатысу		Жыл сайын	Жыл сайын	Жыл сайын	Жыл сайын	Жыл сайын
7	Тәуелсіз біліктілікті бағалаудағы жұмыс берушілер қоғамдастығында бірінші ретте өткен ЖОО – ры бітірушілерінің жалпы қатысушылар санынан үлесі	%	40%	50%	60%	70%	80%

**Стратегиялық бағыт: университетті басқару және қаржыландырудың тиімділігін арттыру**

№	Іс - шаралар	Өлшем бірлігі	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
1	Ғылыми қызметтен қаржылық табыстар үлесі	%	2%	3%	5%	5%	5%
2	Құрылымдық бөлімшелердің шет тілін игерген қызметкерлерінің үлесі	%	10%	15%	25%	30%	32%
3	Шетелдік ұйымдарда білім беру менеджменті саласында біліктілігін жоғарылатудан өткен құрылымдық бөлімдер қызметкерлерінің үлесі	%	0,5%	1 %	2%	3%	4%

## **Қорытынды**

Шымкентуниверситеттің стратегиялық басқаруын дамыта отырып, бітірушілерде білімнің жоғары деңгейін қалыптастыруға, нарықтың өзгеруші талаптарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Осы стратегиялық нәтижелері ҚР жетекші ЖОО- ы құрамына енуге, білім беру бағдарламаларының сапасын көтеру және жоғары деңгейлі мамандар даярлау мүмкіндігін береді.

Шымкент университетінің 2016-2020 жылдарға арналған жоспары университет Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде қаралып бекітілген ( хаттама №2, 28 қыркүйек 2016ж.)